



ПРИОЗЕРСКИЙ

№ 28/568

13 июля 2018 года

газета издается с 26.06.2004 года

Вестник

НУРСУЛТАН НАЗАРБАЕВ О РАЗВИТИИ ТУРИЗМА В КАЗАХСТАНЕ

Президент Нурсултан Назарбаев в рамках визита в Щучинско-Боровскую курортную зону провел совещание по развитию туристической отрасли Казахстана, сообщает корреспондент Kazpravda.kz.

стать комфортным местом отдыха для людей, а государству приносить прибыль за счет туристов. При этом Глава государства подчеркнул, что это не единственное место в Казахстане с хорошим туристическим потенциалом.

Туркестан – это особая тема, мы будем застраивать город и очень быстро его развивать. Нам придется сделать хороший туристический центр. Уже сейчас в Туркестане бывают почти 1,5 миллиона туристов, и если мы построим необходимую инфраструктуру, то это количество можно удвоить. В Алматинской области мы говорим о горнолыжном курорте – это тоже надо развивать, есть возможности, проекты и идея. И есть Чарынский каньон, который мало даже в нашей стране знают. Иностранцы гости при этом выступали, говорили, что он больше, чем Великий каньон в Северной Америке. Нужно рассказывать о его красоте. Те, кто там был, неизгладимое впечатление получают. Это должно получить очень мощное развитие", – сказал Нурсултан Назарбаев.



пляжного купания 95 дней в году. Назовите мне, какой курорт столько работает? И Каспийское побережье – это особый случай, и по особому нам надо работать в этом плане", – отметил Президент.

Нурсултан Назарбаев призвал казахстанских бизнесменов инвестировать в туристическую отрасль, а государство со своей стороны будет создавать необходимую инфраструктуру. На это, в частности, будет направлена новая разрабатываемая программа развития туризма в Казахстане.

"Когда мы составим программу, я всех соберу и всем дам задания, будем начинать работать с этого года по всем объектам. Сделаем благо для страны и сделаем благо для всех людей", – добавил Глава государства.

источник: kazpravda.kz



Как отметил Елбасы, курорт Боровое – это важная для данной индустрии зона, которая при надлежащем развитии может

"Есть Ерейментау-Шалкарская курортная зона в Акмолинской области. Баянаульская зона – в Павлодарской области.

МЕРЕКЕГЕ ОРАЙ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ЖАРЫС

2018 жылдың 6-шілдесі күні қаламыздағы орталық алаңда Приозерск қаласының дене шынықтыру және спорт бөлімінің ұйымдастыруымен Астана қаласының 20-жылдық мерейтойына арналған қазақ күресінің ереселер арасындағы қалалық жарыс өткізілді. Аталған турнирге қалалық мекемелер мен кәсіпорындардан және әскери бөлімдерден барлығы 20 палуан қатысып, өз-ара куәш сынасты. Әрине, жарысқа қатысуға келгендердің барлығының да дайындықпен келгендігі, жүректерінде «жеңіске жетсем» - деген үміттерінің барлығы



-74 кг салмақ бойынша 1 – орынды Тулегенов Қайрат, 2 – орынды Ныгметильда Аслан, 3 – орынды Бурибаев Сакен иеленді;

-82 кг салмақ бойынша 1 – орынды Қалдыбаев Нұрсұлтан, 2 – орынды Тайжанов Айдос, 3 – орынды Турмаханов Еркебұлан иеленді;

-ал, + 82 кг салмақ бойынша 1 – орынды Тайжанов Айдос, 2 – орынды Сайлау Абай, ал жүлделі 3 - орынды

жарыс басталғаннан-ақ көрініп тұрды. Халықаралық дәрежеге көтерілген «Қазақ күресінің» біздің қалада да дамып келе жатқандығы анық байқалды. Әр палуанның шеберлігіне сүйсінген халық, қол шапалақтап, айғаймен қолдап, құрмет көрсетіп жатты.

Дегенмен де спортшылардың арасынан суырылып шығып, үздік дегендері ғана жеңімпаз атанады. Осы турнирдің қорытындысы бойынша мына палуандар жеңіске жетті:



АСТАНА – ҰЛЫ ДАЛА
ЕЛОРДАСЫ

және бағалы сыйлықтармен марапатталды.



Калдыбаев Нұрсұлтан иеленді.
Жарыс жеңімпаздары дипломдармен

Б.Алшынбекұлы,
«Приозерский вестник» газеті

ҚАЛА ТҮРҒЫНДАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА

ВНИМАНИЮ ЖИТЕЛЕЙ ГОРОДА

ЖУРНАЛИСТЕР АРАСЫНДА ҚАЗАҚСТАН МЕН ҚЫТАЙ ЫНТЫМАҚТАСТЫҒЫНА АРНАЛҒАН БАЙҚАУ ЖАРИЯЛАНДЫ

Журналистер арасында Қазақстан мен Қытай ынтымақтастығына арналған байқау жарияланды.

«ҚазАқпарат» халықаралық ақпарат агенттігі мен Қытай Халық Республикасының Елшілігі «Бір белдеу, бір жол» бастамасы және «Нұрлы жол» бағдарламасы. Өзара

жариялау жұмыстары 2018 жылдың 23 мамырынан 31 шілдесіне дейін «ҚазАқпарат» ХАА сайтында жүргізіледі. 1-10 тамыз аралығында конкурстың нәтижелері жарияланады. Кейін жеңімпаздар анықталады. Түрлі номинациялар бойынша 19 жеңімпаз марапатталады. Конкурста түрлі жанрлар



«Бір белдеу, бір жол» бастамасы және «Нұрлы жол» бағдарламасы. Өзара тиімді өсім мен өркендеу траекториясы

тиімді өсім мен өркендеу траекториясы» тақырыбында байқау жариялайды. Конкурс «Бір белдеу, бір жол» бастамасының 5 жылдығына арналған. Конкурстың мақсаты - Қазақстан Республикасы мен ҚХР арасындағы стратегиялық ынтымақтастықты одан әрі кеңейту.

Конкурста бұдан бұрын жарияланбаған Қазақстан мен Қытай арасындағы дипломатиялық қарым-қатынастың тарихы мен стратегиялық басымдықтарына, ХХІ ғасырдағы Ұлы Жібек жолының жаңғыруына, қазіргі әлемдегі Қазақстан мен Қытайдың гуманитарлық миссиясына арналған сараптамалық материалдар қабылданады. Конкурста Қазақстанның барлық азаматтары қатыса алады.

Үздік материалдарды қабылдау және

дағы көлемі 10 мың белгіден аспайтын материалдар қабылданады. Конкурста ұсынылатын материалдар рецензияланбайды және қайтарылмайды.

Қазақ және орыс тілдеріндегі материалдар мына мекенжай бойынша қабылданады: **Индекс 010000, Астана қ., Мәңгілік ел даңғылы 8, «Алтын орда» БО, «ҚазАқпарат» ХАА редакциясы («конкурс») деген ескертпемен) немесе inform2018.konkurs@gmail.com электрондық пошталы. Қосымша ақпараттарды мына телефондарға хабарласып біле аласыздар 8 (71 72) - 95 40 68, 95 40 45.**

<https://www.inform.kz>

ОБЪЯВЛЕН КОНКУРС НА ОСВЕЩЕНИЕ СОТРУДНИЧЕСТВА МЕЖДУ КАЗАХСТАНОМ И КИТАЕМ

Объявлен конкурс на освещение сотрудничества между Казахстаном и Китаем. Международное информационное агентство «Казинформ» и Посольство Китайской Народной Республики объявляют республиканский конкурс Инициативы «Один пояс, один путь» и программы «Нұрлы жол». «Моя история о траектории взаимовыгодного роста и процветания», посвященный 5-летию выдвижения инициативы «Один пояс, один путь».

Целью конкурса является дальнейшее расширение стратегического сотрудничества между Республикой Казахстан и КНР. На конкурс принимаются ранее не публиковавшиеся аналитические материалы, посвященные истории и стратегическим приоритетам дипломатических отношений между Казахстаном и Китаем, возрождению Великого Шелкового пути в ХХІ веке, новой стратегии транснациональной экономической интеграции, гуманитарной миссии Казахстана и Китая в современном мире.

Как отмечал Председатель КНР Си Цзиньпин в своем выступлении в Назарбаев Университете в сентябре 2013 года, дружественные контакты между Китаем и народами Центральной Азии начались в глубокой древности. «Более чем двухтысячелетняя история взаимоотношений Китая и Казахстана показывает, что страны с разными национальностями, разными религиями и культурными традициями вполне могут вместе жить в мире и согласии, добиваясь совместного развития, если будут руководствоваться духом солидарности и взаимодоверия, равноправия и взаимной выгоды, инклюзивности и взаимного сотрудничества, а также сотрудничества во имя взаимной выгоды. Этому нас научил Шелковый путь», - сказал Си Цзиньпин. Председатель КНР подчеркнул, что нужно усиленно укреплять практическое взаимодействие, быть надежными партнерами для взаимной выгоды и общего выигрыша. Глава государства Нурсултан Назарбаев в ходе государственного визита в КНР в 2017 году отметил, что инициатива «Один пояс, один путь» стала новой парадигмой регионального и глобального развития, новой схемой сотрудничества. Вместе с тем, на саммите ШОС в Астане в ходе двусторонней

встречи с Председателем КНР Си Цзиньпином Президент РК Н.Назарбаев отметил: «Наша страна, находящаяся без выхода в океаны в материковой части с помощью КНР становится транзитной страной с выходом на Тихий океан в восточной области Китая».



Инициатива «Один пояс, один путь» и программа «Нұрлы жол». Моя история о траектории взаимовыгодного роста и процветания.

Например, контейнерные перевозки по маршруту Китай-Казахстан-Европа сегодня демонстрируют устойчивую позитивную динамику и удваиваются. От границы Китая через Казахстан проложена дорога, северный маршрут, через переход на станции «Дружба» через Россию в Европу». В конкурсе могут принять участие все граждане Казахстана, вне зависимости от профессии, возраста, региона проживания. Прием и публикация лучших материалов на сайте МИА «Казинформ» будет проходить с 23 мая по 31 июля 2018 года. С 1 по 10 августа будут подводиться итоги конкурса. Затем состоится награждение победителей. Всего будет представлено 19 победителей в различных номинациях. На конкурс принимаются материалы различных жанров - статьи, очерки, обзоры, интервью, объемом не более 10 тысяч знаков. Публикации, представленные на конкурс, не рецензируются и не возвращаются.

Материалы на казахском и русском языках принимаются по адресу: Индекс 010000, г. Астана, проспект Мәңгілік ел 8, БЦ «Алтын орда», редакция МИА «Казинформ» (с пометкой «на конкурс») или на электронную почту inform2018konkurs@gmail.com За дополнительной информацией обращаться по телефонам 95 40 68, 95 40 45.

<https://www.inform.kz/ru/>

СИНОФОБИЯ ҒӘМ ДҮРБЕЛЕН

Әлеуметтік желіні үрей жайлап барады. «Қара қытай әлемдік экспанцияны бастады. Соғыссыз. Экономикалық тәуелділікке салып, санының көптігімен-ақ әлемді басып алмақ». Осы сипаттағы ақпарат онсыз да елендеп отырған елдің есін шығаруда. Күн сайын қытай еліне қатысты сәтсіз жаңалық жарық көреді. Ақиқаты мен жалғаны қайсысы? Дөп басып айтудың өзі қиын.

Ғасыр басында халық дәстүрлі БАҚ беттерінен кәсіби журналистер дайындаған мақаланы ғана оқитын. Ал қазір ше? Сандық технологияның дамуы ақпараттың қолжетімділігі мен жылдамдығын арттырды. Сәйкесінше, адамдар жаңалықты өзара тарату мүмкіндігіне ие болды. Әлеуметтік желіде жарияланған материал шынайылығына немесе маңыздылығына қарап емес, қанша рет оқылғанына және бөліскен адам санына байланысты алдыңғы қатарға шығады. Өзгелерге «сенімді» ақпарат ретінде ұсынылады. Яғни, модерациядан өтіп, тексерілген ақпарат тасада қалып қояды да, дау-дамайы мен айқай-шуы басым материалдар көш басынан көрінеді. Оның соңы халықтың адасуына және әлеуметтік араздықтың қозуына себеп болады.

Қазақстанда өзекті тақырыпқа айналған синофобияның жайы да осыған келеді. Қытай - империялық амбициясы өсіп келе жатқан мемлекет. Қай жағынан алып қарасаңыз да, бізден көш ілгері тұр. Халқының саны басым, экономикасы мығым, идеологиясы берік, әскери әлеуеті артық. Мұндай елмен қарым-қатынас орнатқанда барынша сақ болуға тырысу керек. Әйтпесе аждаһаның аранына түсіп кетудің қаупі басым.

Бірақ сактану - қорқу емес. Дәл қазір таралып жатқан ақпараттардың легі, халықты сактандырудан бұрын қорқытып, үркітуге бағытталған тәрзіді.

Мәселен, мамыр айының соңғы күндерінде WhatsApp мессенджері арқылы «мазарларды шетелдіктер қазып тастапты» деген ақпарат тарайды. Арқалық тұрғындарының «жанайқайын» жеткізген аудиожазбаны айналдырған бірер сағаттың көлемінде қазақстандықтардың тоқсан пайызы тыңдап, алаңдаушылық білдірді. Кейін ақпараттың жалған екені анықталды, айыпты ұсталды.

Синофобияға қатысты тағы бір жалған ақпарат менингококк инфекциясы таралған тұста қылаң берді. Әлеуметтік желіде ауру қоздырғышын қытайлықтардың алып келіп, қазақ даласына сепкені айтылды. Олардың жымсық эрекетін такси жүргізушісі кездейсоқ көріп қалыпты-мыс.

Бұл болжамның ақылға сыйымсыз екенін мамандар сол кездің өзінде-ақ айтқан. Бұл инфекция Қазақстанда бұрыннан бар. Жыл сайын қаншама адам осы дерттен көз жұмады. Биыл ауа-райы қолайсыз болғандықтан сырқатша шалдыққандардың саны бұрынғысынан көп болды. Әрі әлеуметтік назарын аударған тақырып болғандықтан әріптестеріміз инфекцияға қатысты кез келген деректі беріп қалуға тырысып басты. Рейтинг қуған заман ғой. Десек те, бұқара халық білікті мамандардың сөзіне емес жалған ақпаратты жалаулапқандарға сеніп қалды.

Саясаттанушы Дос Көшім «Азаттық радиосына» берген сұхбатында Қазақстанда синофобияның жыл артқан сайын өршіп ке-

ле жатқанын айтады.

«Бұл 2016 жылғы жер мәселесінде көзге түсті. Себебі көбісі «жерді сатпаймыз» дегеннің орнына «жерді Қытайға сатпаймыз» деді. Соңғы уақытта Қытаймен Қазақстан арасындағы виза алу қатаңдатылды. Қытайдан келіп Қазақстан азаматтығын алып, қайта барғандар ұсталып жатқаны да білеміз. Соңғы бір жыл ішінде көршімізбен арамыз алшақтай түсті», - дейді саясаттанушы.

Қазақстан мен Қытай арасында визасыз режим енгізу мәселесі де қоғамда қызу талқылануда. Тіпті Қазақстанға кіруге кезекке тұрған сансыз Қытайдың видеосы да таралды. Қалың көпшілік «визасыз режим - Қазақстан территориясына қытайлардың еркін кіруіне жол ашады» деп пайымдап отыр. Шынымен солай бола ма? Визасыз режим қара қытайдың қаптауына жол салып бере ме?

Ақпарат және коммуникация министрі Дәурен Абаев «Открытый диалог» бағдарламасына берген сұхбатында Қытай азаматтарына қатысты визасыз тәртіп енгізу ешқашан көтерілмегенін және талқыланбағанын мәлімдеді.

"Транзит жолаушыларына - Қытай мен Үндістан азаматтарына қатысты 72 сағаттық визасыз тәртіп енгізілді. Қазақстанның ауқымы кең, сондықтан жүк пен жолаушылар транзитін естен шығармауымыз қажет. Мәселен, Қытай азаматтары Еуропаға, Ресейге Қазақстан арқылы ұшса, бұл бізге тиімді. Бірақ Қазақстан арқылы теміржол көлігі қызметін пайдаланатын транзит жолаушыларына да, ұшып-қону интервалы ұзақ әуерейстеріне де бір тәулік аздақ етеді,

Жалған ақпараттан сақтанайық

сондықтан транзит жолаушыларының елде болу уақытын үш тәулікке дейін ұзарттық", - деді Дәурен Абаев.

Яғни, шетелдіктер Қазақстанда қалаған уақытына дейін қала алмайды. Небәрі 72 сағат қана визасыз жүруге рұқсат. Мезелі уақыт біткен соң Қазақстан территориясынан шығып кетуі тиіс. Ресми дереккөз ұсынған шынайы ақпарат осы. Алайда халық әуелде тараған қауесетке сеніп жүр.

Министр Абаевтің пайымдауына, синофобияның өрістеуіне өткен тарихымыз тікелей ықпал етіп отыр. Яғни сан ғасыр бодандық кешкен қазақ азаматтықтан айырылып қалғаны келмейді. Сондықтан ұлттық қауіпсіздікке қатер төндіруді мүмкін жайдың бәріне күмәнмен қарайды. Бұл факторды фейк жасаушылар жүйелі түрде қолданып келеді. Өйткені Қытайға байланысты кез келген "қорқынышты әңгіменің" барлығын қазақстандық қолданушылар бірден іліп өкетіп, өзгелерге өсіріп жеткізеді.

ХХІ ғасыр - ақпарат ғасыры. Бір минутта миллиондаған ақпарат таралады. Олардың арасында тексерілмеген, жалған мәліметтердің қарасы қалың. Өйткені ақпарат тарату ісі кәсіби мамандардың ұсыныс шығып, жалпыға қолжетімді іске айналды. Ресми органдардың қандайда бір мәселеге қатысты пікір білдіруде шабан қимылдауы өтірікшілер өрісінің кенегіне ықпал етіп отыр. Қандай да бір даулы тақырып қалың көпшіліктің талқысына тасталған сәтте оған қарсы жауап берілуі тиіс. Ал біз қолымызды мезгілінен кеш сермеп отырмыз.

**Б. Құрманғожин,
дін саласындағы маман**

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ - ҰЛТТЫҚ САНАНЫҢ ЕҢ БАСТЫ ҚІЛТІ

Әрбір тілде сөйле әлемді таң қылып, Қазақ тілін білмеу қандай заңдылық, Әсер балаң байтақ далаң тұрғанда, Қазақ тілі жасау керек мәңгілік.

Тілде сөйлеу арқылы санамыздың бір түкпірінде жатқан өткен тарихқа деген көзқарасымызды түзейміз, келешекке деген сеніміміз ұлғаяды. Қазақстан Республикасының тіл саясаты елімізде тұратын барлық этностардың тілдерін сақтай отырып, ұлт бірлігін нығайтудың аса маңызды факторы ретінде мемлекеттік тілдің кең ауқымды қолданысын үйлесімді қамтамасыз етуге бағытталып келеді. Бұл міндеттер мемлекеттік тіл – қазақ тілінің мәртебесі бекітілген ҚР Конституциясынан, «Тілдер туралы» заңнамалардан бастау алады. Сондай-ақ, «Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында» мемлекеттік тілді қолданудың мәртебесін көтеру, оған деген сұранысты арттыру, қазақ тілінің лексикалық қорын жетілдіру және жүйелеу, тіл мәдениетін жетілдіру іспетті міндеттер қойылғаны мәлім. Бұл құжат қоғамдық өмір-

дің барлық саласында мемлекеттік тілді кең ауқымды қолдануға қатысты өзекті проблемаларды шешудің нормативтік-ұйымдастырушылық негізі болып табылады.

Елбасымыздың өскелең ұрпақтың болашақта дамуына жаңа леп алып келген соңғы Жолдауы жаңа жаңғыру, жаңа бастама жаршысына айналғаны хақ. Түп-тамырымыз тарихтан бастау алған рухани жаңғыру барлық айтулы кезеңді қамтып, бәсекеге қабілетті елге айналудың жолын бірізді жоспарға қойған. Еліміздің бағдарлы болашағы үшін басылып шыққан Жолдаудың бүгінгі жас пен келешек ұрпаққа берері мол. Әлемдік дамыған мемлекеттермен тереземіз тең, керегеміз кең, шаңырағымыз шайқалмай, экономикалық, әлеуметтік тұрғыда талмай дамудың қыры мен сырын сарабал саясатымен Көшбасшысымыз уақытылы бұқара халыққа дәл жеткізді.

Ықылым заманнан, қазақ тараған сақ тайпасынан бастап, тайға таңба басқандай ғасырлар бойы елдігіміздің тұтқасы, тамыры, түбі, тегі болатын тарихты толықтай тілге тиек ете отырып, тарихтан кеткен қателіктерге бой алдырмай, ғұмырлық сабақпен

еліміздің азаттығын одан әрі асқақтата түсу жолында жасалған құнды рухани жаңғыру болып табылады. Тарихы, дәстүрі, салт-санасы жоқ ел болмайтыны сияқты, рухани құндылығымызды уақытылы қолда ұстап қалып, асылдың сынығы, көненің көзі болған жәдігерімізді жарты жолда қалдырмай, аумалы-төкпелі заманда жастарға мұра ету әрқайсымызға азаматтық парыз. Сондықтан да барша Қазақстан үшін үгіт-насихат етуге тұрарлық жаңа бастаманың айтары көп, тағылымы мол. Тәуелсіздікке қол жеткізу қиын, ал, оны орнында ұстап тұру одан да ауырға түсетіндіктен, Жолдаудың әр тармағына жіті назар аударып, орындалуына орасан зор еңбек ету керек. Білімді дамыту, ең үздік жүз қазына кітапты шет тілге аударып таныту, шетелдің алдыңғы шығармаларын, маржанға толы кітаптарын ана тілімізге аударып, жастар танымын кеңейтіп, біліктілігін жетілдіріп, жетістігіне куә, жемісін ұлт игілігіне арнайтын азамат тәрбиелеудің жолына Жолдауда жеке тоқталынған.

Тілің жоқ болса, ділің де, елдігің де болмайтыны анық. Тілсіз аңмен бірге аң болып, шаңмен бірге шаң болып, ұстағанның

аузында, тістегеннің қолында кетесің. Қазақ тілінің мәртебесін асқақтату, дүние жүзіне таныту, тынысын кеңейту үшін латын әліпбиіне көшу шарасына да Жолдау жолдарында тоқталған. 2025 жылға дейін еліміздегі барша кітапты, жазуды латын әрпіне көшіріп, қазақ тілін, тұғырын сақтауға негіз болатын әрекетке нық қадам жасамақшы. Ұлт үшін шырылдап, жанын беруге даяр аға буын қолдай кеткен латын әліпбиі әлемдік көзқарас пен қазақ тіліне деген қызығушылықты арттыратын, дүбірлі дүниеге танытатын, табысқа жетелейтін жаңа бастама деп айта аламын. Еліміз үшінші жаңа тарихи кезеңге аяқ басқан шақта, Елбасының үшінші жаңғыруы, жаһандық жариялымға лайық бағыт. Алайда, мұқалмас мақсатқа жету жолында ойымыз ісімізден алда, еңбегіміз ауқымды, іргелі істерге ұйытқы болуы тиіс. Дүние жүзінде санасезім өзгеріп, құндылықтар орны ауысқан заманда халық руханиятын қорғап, ұлттық кодымызды сақтасақ, еліміздің көсегесі көгеріп, кемелдікке қол жеткізетініміз анық.



Л. Оспанова, З. Бухарбаева, «Еркетай» шағын орталығының тәрбиешілері

ПОДДЕРЖИВАЯ ПОСЛАНИЕ ПРЕЗИДЕНТА

Большое внимание уделено развитию человеческого капитала, это важный момент, потому что сложно говорить о модернизации, если у нас нет ресурсов для развития человеческого капитала. Важные ресурсы - это сферы здравоохранения и образования, куда необходимо вкладывать средства и уделять особое внимание этим направлениям.

Президент продолжает идею Послания прошлого года «Модернизация и развитие

Казахстана в условиях технической революции» и в условиях мировых изменений в целом. В этом Послании Президент еще раз акцентировал те моменты, на которые необходимо обратить первоочередное внимание для того, чтобы мы совершили рывок в своем развитии и не отстали от мировой истории.

Важно и то, что Глава государства буквально по каждому пункту отметил необходимость цифровизации не только

государственных услуг, но и экономики. Если у нас говорят о «Цифровом Казахстане», то больше говорят о цифровых технологиях в сфере управления, но не о цифровизации экономики в целом.

Юлия Владимировна Кучинская, Директор Центра политического анализа и стратегических исследований партии «Нұр Отан»



источник: <http://ruh.kz/ru/>

ИНФОГРАФИКА *** ИНФОГРАФИКА *** ИНФОГРАФИКА

ПРЕЗИДЕНТТІҢ БЕС ЭЛЕУМЕТТІК БАСТАМАСЫ

ЕКІНШІ БАСТАМА:

«Жалақысы төмен жұмысшылардың еңбекақысын көбейту үшін олардың салық жүктемесін азайту»

2019 жылдың 1 қаңтарынан бастап жалақысы 25 еселік АЕК-тен көп емес азаматтар үшін салық жүктемесі 10 есеге азайтылып, 1% қана салынбақ (2018 жылы АЕК 2405 теңгені құрады) немесе айына 60 125 теңгеден көп емес

НӘТИЖЕСІ:

- 2 МИЛЛИОННАН АСТАМ АДАМНЫҢ ЖАЛАҚЫСЫ ЖҰМЫС БЕРУШІГЕ САЛМАҚ САЛМАЙ-АҚ КӨБЕЙТІН БОЛАДЫ
- ТАБЫС САЛЫҒЫНЫҢ ПРОГРЕССИВТІ ШКАЛАСЫНА КӨШУ
- ЖАЛАҚЫНЫҢ ЕҢ ТӨМЕНГІ МӨЛШЕРІ (СЖТМ), 2018 ЖЫЛЫ АЙЫНА 28 284 ТЕҢГЕ
- ЖАЛАҚЫСЫ 28281 ТЕҢГЕДЕН 60125 ТЕҢГЕГЕ ДЕЙІНГІ ЖҰМЫСШЫЛАР ҮШІН ЖЕКЕ ТАБЫС САЛЫҒЫ (СЖТС) 290 ТЕҢГЕДЕН ТӨМЕН НЕМЕСЕ 1%
- ТАБЫС САЛЫҒЫНЫҢ ПРОГРЕССИВТІ ШКАЛАСЫ БАР ЕЛДЕР - ҰЛЫБРИТАНИЯ, ФРАНЦИЯ, ГЕРМАНИЯ, ИЗРАИЛЬ, ШВЕЦИЯ, БЕЛЬГИЯ, ДАНИЯ, НИДЕРЛАНДЫ

5 СОЦИАЛЬНЫХ ИНИЦИАТИВ ПРЕЗИДЕНТА

2-я инициатива

Снижение налоговой нагрузки для повышения заработных плат низкооплачиваемых работников

Ключевые задачи:

- Поддержка работающих казахстанцев с низким размером заработной платы
- С 1 января 2019 года снижение налоговой нагрузки в 10 раз – до 1% для тех, чей месячный доход не превышает 25 МРП
- Направление высвобождаемых средств на увеличение оплаты труда выбранной группы населения

Механизмы реализации:

- Определение порядка обложения ИПН работников с низким размером оплаты
- Разработка поправок в налоговое законодательство в части снижения размера ИПН для таких работников
- Изучение возможности внедрения прогрессивной шкалы ИПН
- Внедрение нового механизма с 1 января 2019 года

Более чем у 2 млн человек вырастет заработная плата без увеличения нагрузки на работодателей

ШЕГІРТКЕ ТҮРЛЕРІ ЖӘНЕ ОЛАРМЕН КҮРЕСУ ЖОЛДАРЫ

Шегіртке — қысқа мұрттылар отряд тармағына жататын үйірлі шегірткелердің бір тобы. Қысқа мұрттылардың ең маңызды тұқымдасының бірі — нағыз шегірткелер; Және де шегіртке тікканаттылар отрядына жатады. Өзінің жақын туыстары қара шегіртке мен көк шегірткеден айырмашылығы — денесінің ұзындығының жартысындай болатын қысқа мұрттасы. Қазақстан ландшафтының әртүрлі және жерінің кең байтақ болуына байланысты, шегірткенің 271 түрі кездеседі. Шегірткелерді үйірлі және саяқ шегірткелер деп бөледі. Үйірлі түрлерінің (ұшпа, шөл, қызылшегіртке және т.б.) саяқ шегірткелерден айырмашылығы — жаппай көбею кезінде үлкен топтар құрып, бірнеше жүздеген, мыңдаған гектар жерді басып, бір күн ішінде бірнеше ондаған километр жерге орын ауыстырады. Мысалы, шөл шегірткесінің үйірі 2400-км —ден астам ашық теңіз үстінен ұшып өтіп, солтүстік — батыс Африкадан Британ аралдарына жеткен. Қазақстандағы зиянкес азия шегірткесі ұзақ қашықтықтарға ұша алмайды. Дегенмен ересектері бір күнде 80-120 км қашықтыққа ұша алады. Бұл түрдің тұрғылықты мекендері — Сырдария өзенінің сағасы мен Балқаш, Алакөл, Зайсан көлдерінің жағалауларындағы сазды жерлердің қалың қамыстары. Жаздың екінші жартысында жұмыртқа салады, дернәсілдері майдың соңында шығады, 35-40 күннен кейін қанаттанады. Азия шегірткесінің әрқайсысы өз өмірінде 300 г көк жем жейді, ал бір аналықтың ұрпақтары бір жазда екі қойға жететін жемді жейді. Негізгі

көрегі қамыс болғанына қарамай, үйір 1-2 сағат ішінде мыңдаған астық алқабын жоқ қылып жібереді, сонымен қатар қапуста, қарбыз, күнбағыс және тағы басқа қоректеніп, біршама зиян келтіреді.

Саяқ шегіртке күбіршектерін көктемгі қайта тексеру әр түрлі жерлерде: жайылымдық, шалғындық, көп жылдық екіп шөп егістіктерінде, жол жиектері мен тың жерлерде және орман белдеулерінде жүргізіледі. Сараптау қортындысында күбіршектердің ауруы және паразиттермен зақымдалғаны 1,5-5,8-ден 20,0% (Алматы облысы) аралығында болды. Орналасу тығыздығы 1,5-4,0 экз/м², күбіршектегі жұмыртқа саны 8-ден 21 данаға дейін.

Зиянды шегірткелер. Қазақстанның солтүстігінде таралғандары: *итальяндық прус* — *Calliptamus italicus italicus L.* айқышты кішкене саяқ шегіртке — *Dociostaurus brevicolis Ev.*, *ақжолалық* — *Chortippus albomarginatus D.G.*, айқышты — *Parascyptera microptera F.- W.*, *қоңырқанатты* — *Stauroderes scalaris F.- W.* саяқ шегірткелер, *амбасар саяқ шегірткесі* — *Dociostaurus kraussi Ingen.* және басқалар.

Азиялық шегіртке — *Locusta migratoria migratoria L.* тұрақты қоныстары Қазақстанның оңтүстік жартысындағы қамыс пен құрақ өсетін жерлер, ол стациялардан олар басқа алыс аймақтарға таралады.

Мароккалық шегіртке — *Dociostaurus maroccanus Thunb.* Қазақстанның оңтүстігінде таралған (Оңтүстік Қазақстан, Жамбыл, Алматы

облыстары). Азиялық, мароккалық, итальяндық шегірткелер, ал анда - санда тұрандық және шөл далалық шегірткелер кезеңдік өзгерістерге ұшырайды. Олардың үйірленуі кезінде бір шаршы метрде жүз және одан да көп дернәсілдері болады. Үйірлі шегірткелердің сандары көбейген кезде, алғашқыда дернәсілдердің жиынтығы (кулиги), кейін олардан шегіртке табындары пайда болады.

Италиялық шегіртке Барлық шегірткелердің ұзынша денесі, секіруге қолайлы артқы аяқтары, кеміргіш ауыздары, қатты дамыған алдыңғы кеудесі, жіңішке үстіңгі қанаты, жалпақ, желпуіш тәрізді артқы қанаттары болады. Жылына бір ұрпақ береді. Ұрғашы шегірткенің арнаулы бөліп шығаратын сұйық затымен қатайған топырақтан жасалған күбіршеде жұмыртқа күйінде қыстайды. Олар тың жерлерде, жайылымдарда, құмдардың шетінде және т.б. жерлерде орналасады. Дернәсілдер жұмыртқалардан әр мезгілде шығады. Дернәсіл ересек шегірткеге ұқсас келеді. Дернәсілдер 30 - 40 күн дамиды. Даму кезеңінде дернәсілдер 4-5 рет түлеп, 4-5 жастан өтеді. Дернәсілдер және ересек шегірткелер әр түрлі өсімдіктерді зақымдайды: дәнді және майлы дақылдарды, көкөністерді, жайылымдар мен шабындықтарды. Олар құрғақшылық кезінде, табиғи өсімдіктер күйіп кеткенде өте қауіпті болады. Тым көп көбейген жағдайда егістіктер мен жайылымдарға қатты зиян келтіреді, олардың жер бетіндегі биомасса бөліктерін құртып жібереді. Шегірткелердің көп жылдық даму динамикасында

Зиянкестерден сақтанайық!

жаппай көбеюлері мен депрессиялық фазалар кезектесіп отырады.

Күресу шаралары. Зиянды шегірткелердің дернәсілдеріне қарсы күресу шараларды олардың сандарына бақылау жасаудың нәтижесіне қарап жүргізеді. Алдын алу шараларының маңыздысы ерте көктемде шегірткелер табылған егістік танаптарды біз тұмсықты, немесе дискілі тырмалармен, ал көпжылдық шөптерді тісті, немесе біз тұмсықты тырмалармен өңдеу. Сонымен бірге танап аралықтарын, танаппен шектесетін тың және егін егілмейтін жерлерді де өңдеу қажет. Егін алқаптары маңында жою шаралары инсектицидтермен - адонис, димилин, номолт, геркулес, кинмикс, суми-альфа, децис және т.б. саяқ шегірткелердің дернәсілдер саны 8-10 дана/м², ал үйірлі шегірткелердің дернәсілдер саны 5 және одан да көп дана/м² болғанда жүргізіледі. Дернәсілдерді есепке алу жұмыстарын таңертеңгілікте немесе кешкілікте маршрутпен жүріп 100м сайын әрқайсысы 1 м² алаңқайда көзбен шолып жүргізеді немесе рамканың көмегімен әрбір секірген шегірткені есептеп, кейін 1 м² қанша болатындықтарын анықтайды.

КАДИРОВА К.Р.

ҚР АШМ АӨК МИК Приозерск қалалық аумақтық инспекциясының өсімдіктерді қорғау жөніндегі мемлекеттік инспекторы

ХАБАРЛАНДЫРУ *** ОБЪЯВЛЕНИЯ *** ХАБАРЛАНДЫРУ

Құрметті Қарағанды облысының тұрғындары!

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Қарағанды облысындағы Әдеп жөніндегі кеңестің төрағасы және мүшелерімен мемлекеттік қызмет саласындағы және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамалар, сонымен қатар, мемлекеттік қызметшілердің Әдеп кодексі талаптарының сақталуы мәселелері бойынша белгіленген кестеге сәйкес азаматтарды жеке қабылдау жүргізіледі.

Жеке қабылдауға алдын ала жазылу сұрақтары бойынша 8 (7212) 50-40-75 нөмірі арқылы немесе кестеде көрсетілген нөмірлер арқылы хабарласуға болады.

Уважаемые жители Карагандинской области!

Председателем и членами Совета по этике Агентства по делам государственной службы и противодействию коррупции Республики Казахстан в Карагандинской области согласно утвержденному графику проводится личный прием граждан по вопросам соблюдения требований законодательства в сфере государственной службы, о противодействии коррупции и Этического кодекса государственных служащих. По вопросам предварительной записи на прием можно обратиться по номеру 8 (7212) 50-40-75, либо по номерам, указанным в графике.

ИНФОГРАФИКА *** СТОП КОРРУПЦИИ *** ИНФОГРАФИКА

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Қарағанды облысы бойынша департаменті

Сіз мемлекеттік немесе құқық қорғау қызметтеріне орналасқыңыз келе ме?

Мемлекеттік қызмет басқармасына хабарласыңыз 50-40-23

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің сапасы бойынша өтініштер болса

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер басқармасында жауап береді 50-40-66

Сіз мемлекеттік қызметінің әдеп нормасын бұзған фактісіне куәгер болсаңыз

Мемлекеттік қызмет саласындағы бақылау басқармасына қоңырау шалыңыз 50-40-75

Сізді сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты жүзеге асыру барысы қызықтыра ма?

Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу басқармасына хабарласыңыз 50-41-02

CALL-CENTER: 1424

Департамент Агентства Республики Казахстан по делам государственной службы и противодействию коррупции по Карагандинской области

Вы желаете поступить на государственную или правоохранительную службу?

Обращайтесь в Управление государственной службы 50-40-23

По вопросам качества оказания государственных услуг

Ответят в Управлении государственных услуг 50-40-66

Вы стали свидетелем, как государственный служащий нарушал нормы служебной этики?

Звоните в Управление контроля в сфере государственной службы 50-40-75

Вы интересуетесь реализацией антикоррупционной политики?

Вам помогут в Управлении профилактики коррупции 50-41-02

CALL-CENTER: 1424

АЗАМАТТАРҒА ЖАДЫНАМА! ЕГЕР СІЗДЕН ПАРА ТАЛАП ЕТСЕ?

1. ТЫҚПА, ПАРА БОПСАЛАУДЫҢ ШАРТТАРЫН ДӨП ЕСТЕ САҚТА
2. ӨЗІНДІ ӨТЕ САҚ УСТА, ПАРА БЕРГЕ ДАМУҒА ЕНЕН ДЕР ОИЛА ҚАЛАҒАНДЫҒА ЖЫҒЫС ПІННІ АЙТУҒА ЖОЛ БЕРМЕ
3. ПАРА БЕРУ УАҚЫТЫ МЕН ОНЫҢ КЕЛЕСІ ӘНГІМЕЛЕСУЕ ДЕЙІН АУЫСТЫРУҒА ТЫРЫС
4. ПАРА БОПСАЛАСА БІРБІН СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ҚЫЗМЕТІНЕ НҮГІН

Сыбайлас жемқорлық фактілері бойынша хабарлаған немесе онымен күресуге атсалысқан азаматтар қылмыстық жауапкершіліктен босатылады, бірқалып ақпаратты сынайы алады және мемлекеттік қорғалмақ болады.

ҚАЙДА ҚОҢЫРАУ ШАЛУҒА БОЛАДЫ?
ҚР БАРЛЫҚ АЙМАҚТАРЫ ҮШІН CALL-CENTER - 1424
ӘРБІР АДАМ ӨЗ ШЕШІМІН ҚАБЫЛДАУҒА ЕРІП, СІЗДІҢ КӨМЕГІСІЗ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕС АЙТАРҒАНДАЙ БОСӨГЕДІ.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ ІСТЕРІ ЖӘНЕ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ АГЕНТТІГІ

НАЗАР АУДАР, ЕСІНДЕ САҚТА!

ПАРА БЕРУ - БАС БОСТАНДЫҒЫҢНАН ЖӘНЕ БОЛАШАҒЫҢНАН АЙЫРАДЫ!

ҚАЗАҚСТАҢДА 2016 ЖЫЛЫ ПАРА БЕРГЕН ҮШІН 100-ДЕН АСТАМ АДАМ СОТТАЛҒАН. ҚЫЛМЫСТЫҚ КОДЕКС ПАРА БЕРГЕН ҮШІН 15 ЖЫЛҒА ДЕЙІНГІ МЕРЗІМДІ БАС БОСТАНДЫҒЫҢНАН АЙЫРУ ЖӘНЕ МҮЛКІН ТӨРКІЛЕУ ЖАЗАСЫН ҚАРАСТЫРАДЫ. ЕГЕР СІЗ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ТАЛП БОЛСАҢЫЗ ТӨМЕНДІГІ НӨМІРГЕ ХАБАРЛАСҚЫЗ:

CALL - CENTER 1424

ВНИМАНИЕ, ПОМНИ!

ДАЧА ВЗЯТКИ ЛИШАЕТ СВОБОДУ И БУДУЩЕГО

В КАЗАХСТАНЕ В 2016 ГОДУ ЗА ДАЧУ ВЗЯТКИ ОСУЖДЕНО БОЛЕЕ 100 ЧЕЛОВЕК. УГОЛОВНЫЙ КОДЕКС ПРЕДУСМАТРИВАЕТ НАКАЗАНИЕ ЗА ДАЧУ ВЗЯТКИ СРОК ДО 15 ЛЕТ ЛИШЕНИЯ СВОБОДЫ С КОНФИСКАЦИЕЙ ИМУЩЕСТВА. ЕСЛИ ВЫ СТОЛКНУЛИСЬ С КОРРУПЦИЕЙ, ЗВОНИТЕ ПО НОМЕРУ:

CALL - CENTER 1424

ПАМЯТКА ДЛЯ ГРАЖДАН! ЧТО ДЕЛАТЬ ЕСЛИ У ВАС ВЫМОГАЮТ ВЗЯТКУ?

1. ВЫСЛУШАТЬ И ТОЧНО ЗАПОМНИТЬ УСЛОВИЯ ВЫМОГАТЕЛЬСТВА ВЗЯТКИ
2. ВЕСТИ СЕБЯ ЧИСТЕ ОСТЕРЕЖИВО, НЕ ДОПУСКАЯ ОГРАМЕТЧЕВЫХ ВЫСЫЛЫВАНИЙ, КОТОРЫЕ МОГУТ БЫ ТРАКТОВАНЫ КАК ГОТОВНОСТЬ ДАТЬ ВЗЯТКУ
3. ПОСТАРАТЬСЯ ПЕРЕНЕСТИ ВРЕМЯ И МЕСТО ПЕРЕДАЧИ ВЗЯТКИ НА СЛЕДУЮЩИЙ СЕЗДЫ
4. СРАЗУ ПОСЛЕ ВЫМОГАТЕЛЬСТВА ОБРАТИТЬСЯ В АНТИКОРРУПЦИОННУЮ СЛУЖБУ

Гражданин, сообщивший о факте коррупции или иным образом оказавший содействие в борьбе с ней, освобождается от уголовной ответственности, поощряется в форме единовременного денежного вознаграждения и находится под защитой государства.

КУДА ЗВОНИТЬ?
CALL-CENTER ДЛЯ ВСЕХ РЕГИОНОВ РК - 1424
КАЖДЫЙ ЧЕЛОВЕК СВОБОДЕН В ВЫБОРЕ СВОЕГО РЕШЕНИЯ. БОРЬБА С КОРРУПЦИЕЙ БЕЗ ВАШЕЙ ПОМОЩИ ЗНАЧИТЕЛЬНО ЗАМЕДЛИТСЯ.

Собственник: ИП Бухарбаева А.А.
Газета «Приозерский вестник» зарегистрирована в Министерстве связи и информации Республики Казахстан
Свидетельство о постановке на учет СМИ № 15037-Г от 26.12.2014г.
Адрес редакции: 101100 г. Приозерск, ул. Космонавтов, д.5-107.
Справки по тел. +7-705-981-86-79 (Гл. редактор), +7-702-604-02-60 (тех. редактор)
E-mail: prz_westnik@mail.ru **Веб-сайт:** www.prio-vestnik.kz
Газета отпечатана в ТОО «Арко» г. Караганда, ул. Сатпаева 15. Заказ № 28/568. Тираж: 500 экз., объем-1 п.л., формат - А2, 4 стр.

Главный редактор: Кенжебеков Б.А.
Технический редактор: Струментов А.В.
Для подачи частных объявлений и рекламы обращаться по тел: +7-705-466-60-63
Корреспонденция принимается на электронный адрес: prz_westnik@mail.ru

Газета распространяется в местах продажи газет и журналов (киоски печати, магазины, рынки), в редакции и частными распространителями в г. Приозерске и г. Караганда, а также по подписке во всех городах и районах области.
Подписной индекс - 65041

Письма, рукописи, фотографии и рисунки не рецензируются и не возвращаются. Ответственность за точность приведенных фактов, статистических данных, собственных имен, географических названий и других данных несут авторы публикаций. Редакция не несет ответственности за содержание рекламных объявлений. Мнение авторов может не совпадать с мнением редакции. Перепечатка материалов без согласия редакции запрещена.